

**Қ.МӘМБЕТОВ
М.МӘМБЕТОВА**

ТҮРКІ ӨЛЕМІ ЖӘНЕ АЛАШ

*В статье рассматривается позиция
Алашской интелигенции по отношению
к тюркскому миру.*

*Makalede Alaş aydınları Türk Dünyasıyla ilgili
görüşten değerlendirilir.*

Түркі өлемін бірлестірге барлық құштерін, саналы еңбегін жұмсаған ал-Бумын, Білге қаган және Күлтегін, Тонықек бабаларымыздың ел бірлігін сақтауда жүргізген қажырылы еңбектерін қазақ хандығының дәуіріндегі Қасым хан «Қасым ханың қасқа жолы», Әз Тәуке хан «Жеті Жарғы», Есім хан және Төле би Әлібекұлы, Қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке Бәйбекұлы сияқты ұлы тұлғалар бірлік пен татулықты, ынтымақты дамытушы даналар.

Береке түбі – бірлік,
Бірлік түбі – тірлік,
Жеңіс түбі – ерлік [1], –

деп, Майқы би айтқан ой талай ғасырлардан бері қазақ халқының, түркі жұргызың дәстүрлі қағидасы, аталы сөзі болыш, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді.

ХХ ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар өрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді [2].

Уақытша үкімет Қазақстанда ұлт мәселесін шеше алмас еді әрі аграрлық мәселені шешуге де ұмтылмады. Басқа езілген халықтар сияқты қазақтардың өзін-өзі билеуі немесе автономия алу мәселесін ол тіпті күн тәртібіне қоюға тырыспады. Бұл Ә.Бекейхановтың «Қазақ» газетінде өзінің Кадеттер партиясынан шығатындығын жүрт алдында мәлімдеуіне себеп болды. Ол үш мәселені атап көрсетті: «...Кадет партиясы жерді менишік етіп бергенді жөн көрді. Біздің қазақ жерді менишік етіп алса, башқұрттарша көбі мұжыққа сайып, біраз жылда сатылып, жалаңаш шыға келеді. Кадет партиясы ұлт автономиясына қарсы. Біз Алап ұранды жүрт жиналып, ұлт автономиясын тікпек болдық... Біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса, үкімет ісінен бөліп қойған болады. Мұны орысша «отдаление церкви от государства» дейді. Кадет партиясы менің бұл шілдіріме өзгеше қарайды.

Осы үш жолдың айырылғаны биыл ашыққа шықты. Мен сонан соң қазаққа Алап партиясын ашуға кірістім» [4] (Қазақ, 1917. №256).

Қазақ халқының болашағын ойлаған ұлт көсемдері халқының тағдырына ара түсуге бар күш-куаттарын жұмсады. Халқының бірлігін, тұтастығын, ынтымағын ойлаған ұлт-азаттық қозғалысының басшылары бағдарына тәнген қауіп-қатерлерге қарамастаң бабалар жолын жалғастыруды өздеріне зор міндет етіп қойды.

«Алаш» партиясының басшылары Әлихан Бекейханов (оқымыстығалым, Ресей Конституциялық демократиялық партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, I және II Мемлекеттік Думаның депутаты), Ахмет Байтұрсынов (акын, аудармашы, лингвист, «Қазақ» газетінің редакторы), Міржакып Дулатов, Жақып Ақбаев, Мұстафа Шоқай, Мұхаметжан Тынышбаев, Бақытжан Қаратсаев, Халел мен Жанпа Досмұхамедовтар және басқалары – негізінен Петербург, Мәскеу, Варшава, Қазан, Омбы мен Орынбор жоғары оқу орындары, училищелерінің түлектері. Көрнекті мемлекет қайраткері, математика профессоры, «Алаш» қозғалысына қатысушы Әлімхан Ермековтің деректеріне қарағанда, Әлихан Бекейханов Ленинмен бірге Санкт-Петербург университетінің заң факультетін өз бетінше бітірген, бірнеше шетел тілін білген. Сөйтіп, жиырма төрт жасында жоғары білімі жөніндегі екі дипломға (бірі Орман институты) ие болған, керемет білімді жас Санкт-Петербургтағы марксизм теориясын терең білетіндердің бірі ретінде атағы пыққан (Аққұлұлы С. Алаш-Орда қасіреті «Юридическая газета». №33-36. 1995) [2].

Олар Алаш партиясын құра отырып, қазақ халқының бірлігін, ынтымағын, ұлттық төлгумалығын сақтау, сонымен бірге оның тарихи өткенін қалпына келтіріп, ұлттық санасын пындау дең санаған.

«Алаш» партиясының зиялышлары ағайыншылдық, рушылдық піғылдардан арылуға тырысты. Олардың шікірінше, қазақ қоғамын рулық-тайшалық ұстанымдар бойынша бөлінуден арылту, отарлық үстем саясат жағдайында ұлттық бірлікті орнықтыру үшін қажет.

1905 жылы 25 шілдеде Қарқаралы қаласына таяу Қоянды жәрменкесінде «Алаш» көсемдерінің бастамасымен қазақ съезі өтеді.

«Алаш» көсемдері Ресей Министрлер кеңесінің төрағасына петиция қабылдады. Онда:

- а) шаруаларды көшіріп әкелуді тоқтату;
- ә) қазақтар үшін дербес діни басқарма үйімдастыру;
- б) цензураны жою;
- е) ресми іс-қағаздарын қазақша жүргізу;
- г) қазылар сотын енгізу;
- д) қазақ депутаттарын Мемлекеттік Дума шақыру туралы жобаны жасау жөніндегі кеңестің жұмыстарына қатыстыру.

1905 жылы ояз бастығы Ақмола облысының әскери губернаторына: «Ресейдегі қоғамдық-саяси қозғалыс Ақмола уезінде де, әсіресе ондағы тұрғындарының мұсылман бөлігінде де үндестік тапты. Оның үстіне

Қ.Мәмбетов, М.Мәмбетова. Түркі өлемі және Алап.

мұндағы жұрттың құпия, бұрынғы талап-тілектері мен арман-мұндары ағытылып, айқын көрініс бере бастады», – деп арызданды [5].

Ұлттық сана-сезімнің оянуы негізінде түркі халықтарының тұтастануы, ынтымағы арта түсті. Түркітің бір бұтағы Алаш ұрпағы қазақтың тағдырын тереңден ойлаған.

М.Дулатов «Шағым» атты өлеңінде былай дейді:

Мен біткен ойшаң жерге аласа ағаш,
Емеспін жемісі көп тамаша ағаш.
Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі,
Пайдалан шаруаңа жараса, Алап [3].

Ақын туған елі үшін бүкіл өмірін құрбан етуге дайын екендігін «Қалғанша жарты жаңқам мен сенікі», «Пайдалан шаруаңа жараса, Алап» деген өлең жолдарынан аңғару қызын емес. Бұл нағыз «Алап» құрескерінің бейнесіндегі болыш, ел аудында жатталып қалды.

Қазақ халқының ұлттық санасының оянуына М.Дулатовтың «Оян, қазақ» өлеңдер жинағы үшін-тәңіз ықпал жасады. Ол 1909 жылы Уфа қаласында жарық көрген еді [2].

«Алап» партиясының баспа органы болыш саналатын 1913 жылы жарық көрген «Қазақ» газетінің орны ерекше болды. «Қазақ» газеті халқының ұлттық сана-сезімін оятуға аз үлес қосқан жоқ, өз дәуірінің көкейкесті мәселелерін көтерді.

Газет Орынборда басылып, алғашқыда 3 мың данамен шықты. Оның редакторы А.Байтұрсынұлы болды. Газеттің төңірегіне қазақ ақын-жазушылары мен журналистері, қоғам қайраткенлері Ә.Бекейханов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов және басқалар топтасты.

Ағартушылық, түркі халықтарының ынтымағы мен бірлігі «Алап» партиясының саяси көзқарастары газет беттерінде жарияланды. Жарияланымдардың отаршылдыққа қары сипаты өкімет орындарының наразылығын туғызды. 1913-1916 жылдардың өн бойында газет 26 рет жабылды, ал А.Байтұрсыновтың өзі өлденеше мәртебе тұтқындалды [6].

Орынборда 1917 жылы шілдеде бүкілқазақстандық съезде «Алап» партиясы құрылды. Құн тәртібінде 14 мәселе қаралды: Олар: мемлекеттік басқару жүйесі; қазақ облыстарының автономиясы; жер мәселесі; халық милициясын құру; земство; халыққа білім беру; сот, рухани-діни мәселелер; әйелдер мәселесі; Құрылтай жиналышын шақыру және қазақ облыстарында оның сайлауына өзірлік; бүкілпресейлік мұсылман съезі; қазақ саяси партиясын құру, т.б. [4].

Бұл мәселелер туралы айтылған ой-шілдер, ұсыныстар, тұжырымдар «Қазақ» газетінің бетінде жарияланып отырды.

Бұқылқазакстандық бірінші съезд шын мәніндегі қазақтың үлгитың саяси партиясы «Алаштың» съезі болыш айқындалды. Оның шешімінде: «Қазақ партиясын құрудың қажет екенін мойындағы отырыш, съезд бүкілрессейлік мұсылмандар кеңесіндегі қазақтардан барған өкілдерге осы партияның бағдарламасын жасауды тапсырды, соның өзінде бұл саяси бағдарламаның негізіне демократиялық федеративтік парламенттік Республиканы талаң ету (Ресейде құру) алынуы туиіс» [4], – деген жазылды. Әлихан Бекейханов, А.Байтұрсынов және буржуазиялық-демократиялық бағыттағы қазақ интелигенциясының басқа да өкілдері «Алаш» партиясының жетекшілері болды. Ұзамай 10 тараудан тұратын партия бағдарламасының жобасы жасалды. Партияның негізгі мақсаты Ресей Федерациялық демократиялық республикасының құрамында Қазақ автономиясын құру болды (Алаш-Орда. Құжаттар жинағы. Қызылорда, 1929, 19-бет).

«Алаш» партиясының зияллылары ұсынған қоғидалар күні бүтінге дейін өз маңызын сақташ отыр. «Алаш» саяси үйымының жасақталуының өзі отандық тарихымызда жеріне жете зерделенбей келеді. «Алаш» партиясының бағдарламасын жүзеге асыру барысында дәстүр мен жаңашылдықты ұптастыру арқылы бұрынғы қазақ қоғамындағы белгілі қайпышылтықтардан арылуға мүмкіндік туды. Онда тужырымдалған етпелі кезең қоғидалары жаңғырту қарекетін біршама жүйелі атқаруға жағдай жасады.

Қазақ халқы өзінің басты мақсаты – үлттық мемлекеттілігін қайта қалпына келтіруге нақты мүмкіндік алды. Бірақ Ресей қоғамындағы тың дағдарыс бұзып кетіп, оның өзі болышевиктер партиясының диктатурасын орнатуға әкең соқты. Қазақтың ұлы зияллыларының жеке басының тағдырлары да қасретті болды. Алайда, «Алаш» партиясының зиялы өкілдерінің қазақ халқының мұддесі мен жарқын болашағы үшін күрескен үлттық жігер мен таласқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ. «Алаш» зияллылары бабаларының тасқа қашаш жазған жазуда: «Ей, Түрік! Жоғарыдағы аспан құламай, төмендегі жер тесілмей, сенің мемлекетінді, әдетінді кім жоя алады» [7], – деген ұлы қоғидатына берік болып, «Алаш» үлт-азаттық қозғалысының көсемдері өз заманының ұлы тұлғаларына айналды.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Нығмет Ж.Н. Қазақ тілі хрестоматиясы/ Оқу орыс тілінде жүретін мектеп пен гимназияның 8-11 сынып оқушыларына, орта оқу орындарына арналған оқу құралы. –Алматы: «Білім», 2003. –329 б.
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында. –Алматы: Атамұра, 1999. –296 б.
3. Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. Қазақ ССР Фылым акад., Әуезов атында. Әдебиет және енер институты. Құраст.: М.Әбсеметова, Г.Дулатова. Алғы сөзін жазған Ж.Ысмагұлов. –Алматы: «Жазушы», 1991. –384 б.

Қ.Мәмбетов, М.Мәмбетова. Түркі әлемі және Алаш.

4. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерк). –Алматы: «Дәуір» баспасы, 1994. –446 б.
5. Әтішев А.Ә. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның саяси ой-пікірі. Алматы, 1979, 131 б.
6. Қазақстан XX ғасырдың басында. –Алматы: 1994, 18-б.
7. Шәлекенов У.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. –Алматы: Қазақ университеті, 2003. –289 б.

REZUME

**K.MAMBETOV (Turkistan)
M.MAMBETOVA (Almaty)
TURKIC WORLD AND ALASH**

In the article deals with the Turk's world and Alash.